



## 2021 ж. ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары

© 2022 ж. Ахметова Ұ.Т., Тұрарұлы А., Жұмабаев А.Ж.

**Keywords:** archaeology, research, medieval city, Saraishyk, Golden Horde, gurkhana, dirham, pool

**Түйін сөздер:** археология, зерттеулер, ортағасырлық қала, Сарайшық, Алтын Орда, көрхана, дирхем, пұл

**Ключевые слова:** археология, исследования, средневековый город, Сарайшык, Золотая Орда, курхана, дирхем, пұл

Ulzhan Akhmetova<sup>1</sup>, Aibek Turaruly<sup>2</sup>, Amangeldi Zhumabayev<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, Dosmukhamedov Atyrau University,

Atyrau, Kazakhstan. E-mail: [ulzhan.a67@mail.ru](mailto:ulzhan.a67@mail.ru)

<sup>2</sup>Chief inspector, State Historical-Cultural Museum-Reserve “Saraishyk”, Saraishyk, Kazakhstan.

E-mail: [aibek\\_tu@mail.ru](mailto:aibek_tu@mail.ru)

<sup>2</sup>Corresponding author, master, researcher, State Historical-Cultural Museum-Reserve “Saraishyk”,

Saraishyk, Kazakhstan. E-mail: [tarix212@mail.ru](mailto:tarix212@mail.ru)

### Archaeological excavations in the medieval city of Saraishyk in 2021

**Abstract.** The article introduces the preliminary results of archaeological work carried out in 2021 at the medieval settlement of Saraishyk. The monument is located 45 km north of Atyrau. During this period, work was carried out at Excavation no. 3, which was started in 2019. During the research, the structure of the Golden Horde time was recorded, in which adjacent rooms and long corridors were identified. Finds in the form of coins of the Uzbek Khan and Janibek Khan period, found on the floors of the premises, allow us to date the construction to the middle of the 14<sup>th</sup> century. Studies of previous years have shown that the cultural layer of the city is strongly mixed due to the use of the territory of the monument for burials and buildings. Nevertheless, in some areas, the remains of mud brick structures located at the level of the lower cultural layer have been preserved much better. Most of the excavation materials are represented by fragments of ceramics and animal bones. The thoughtful layout, expressed in the form of straight streets, buildings arranged in rows, the abundance of artifacts in the cultural layer indicate that the city was a major cultural and political center.

**Acknowledgement:** Article of the Committee of culture of the Ministry of Culture and sports of the Republic of Kazakhstan for 2021–2023 no. BR10164208 released at the expense of the project.

**Citation:** Akhmetova, U., Turaruly, A., Zhumabayev, A., 2022. Archaeological excavations in the medieval city of Saraishyk in 2021. *Kazakhstan Archeology*, 2 (16), 111-120 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2022.2.16.111.120](https://doi.org/10.52967/akz2022.2.16.111.120)

Ұлжан Төлегенқызы Ахметова<sup>1</sup>, Айбек Тұрарұлы<sup>2</sup>,  
Амангелді Жұмабаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов ат. Атырау университеті, Атырау, Қазақстан.

E-mail: [ulzhan.a67@mail.ru](mailto:ulzhan.a67@mail.ru)

<sup>2</sup>бас инспектор, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Атырау, Қазақстан.

E-mail: [aibek\\_tu@mail.ru](mailto:aibek_tu@mail.ru)

Улжан Ахметова<sup>1</sup>, Айбек Тұрарұлы<sup>2</sup>,  
Амангелди Жұмабаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>доктор исторических наук, ассоциированный профессор, Атырауский университет им. Х. Досмукхамедова, г. Атырау, Казахстан.

E-mail: [ulzhan.a67@mail.ru](mailto:ulzhan.a67@mail.ru)

<sup>2</sup>главный инспектор, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык», г. Атырау, Казахстан. E-mail: [aibek\\_tu@mail.ru](mailto:aibek_tu@mail.ru)



<sup>2</sup>автор-корреспондент, магистр, ғылыми қызметкер,  
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени  
музей-қорығы, Атырау, Қазақстан.  
E-mail: [tarix212@mail.ru](mailto:tarix212@mail.ru)

<sup>2</sup>автор-корреспондент, магистр, научный сотрудник,  
Государственный историко-культурный музей-  
заповедник «Сарайшық», г. Атырау, Казахстан.  
E-mail: [tarix212@mail.ru](mailto:tarix212@mail.ru)

**2021 ж. ортағасырлық Сарайшық қаласында  
жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары**

**Археологические раскопки средневекового  
городища Сарайшык в 2021 г.**

**Аннотация.** Мақалада 2021 ж. ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында жүргізілген археологиялық жұмыстардың алдын-ала нәтижелері туралы айтылады. Сарайшықтың Ұлы Жібек жолында атқарған ролін жаңа ізденістермен толықтыру мақсатында зерттеу жұмыстары іске асырылуда. 2019 ж. басталған № 3 қазба орнындағы зерттеу одан әрі жалғастырылды. Қатарласа орналасқан бөлмелері, ұзын дәліздері бар алтынордалық кезеңнің ғимараты ашылып, құрылыс еденінен табылған Өзбек хан мен Жәнібек ханның соқтырған тиындары арқылы XIV ғ. орта тұсымен кезеңделіп отыр. Бұрынғы зерттеулер көрсеткендей, қаланың мәдени қабаты түрлі жерленімдер, жаңа құрылыстар салынуы себепті бір-бірімен араласып кеткенімен, кейбір аудандардағы төменгі мәдени қабатта шикі кірпіштен тұрғызылған құрылыстар жақсы сақталған. Бұл алдын-ала жоспарланып жасалған түзу көшелерден, қатар орналасқан ғимараттардан қаланың аймақтағы дәрежесі жоғары екені байқалады. Қазбадан табылған материалдардың басым бөлігі қыш ыдыстар сынықтары мен жануарлар сүйектерінен тұрады. Мәдени қабаттың жәдігерлерге, әр түрлі бұйымдардың қалдықтарына бай болуы да, қаланың үлкен мәдени-саяси орталық болғанынан хабар береді.

**Алғыс:** Мақала Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021–2023 жж. арналған № BR10164208 жобасы аясында дайындалды.

**Сілтеме жасау үшін:** Ахметова Ұ.Т., Тұрарұлы А., Жұмабаев А. 2021 ж. ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары. *Қазақстан археологиясы*. 2022. № 2 (16). 111-120-бб. DOI: [10.52967/akz2022.2.16.111.120](https://doi.org/10.52967/akz2022.2.16.111.120)

**Аннотация.** В статье в научный оборот вводятся предварительные результаты археологических работ, проведенных в 2021 г. на средневековом городище Сарайшык. Исследования проводились на раскопе № 3, начатом в 2019 г. В ходе раскопок зафиксировано строение золотоордынского времени, в котором выявлены смежные комнаты, длинные коридоры. Находки в виде монет периода Узбек хана и Джанибек хана, обнаруженные на полах помещений, позволяют датировать конструкцию серединой XIV в. Исследования предыдущих лет показали, что культурный слой города сильно перемешан вследствие использования территории памятника под захоронения, постройки. Тем не менее, на некоторых участках остатки конструкций из сырцового кирпича, расположенные на уровне нижнего культурного слоя, сохранились гораздо лучше. Большая часть материалов раскопок представлена фрагментами керамики и костями животных. Продуманная планировка, выраженная в виде прямых улиц, постройки, расположенные рядами, насыщенность культурного слоя артефактами свидетельствуют о том, что город был крупным культурно-политическим центром.

**Благодарности:** Статья подготовлена в рамках проекта Комитета культуры Министерства культуры и спорта РК на 2021–2023 годы № BR10164208.

**Для цитирования:** Ахметова У., Тұрарұлы А., Жұмабаев А. Археологические раскопки средневекового городища Сарайшык в 2021 г. *Археология Казахстана*. 2022. № 2 (16). С. 111-120 (на каз. яз.). DOI: [10.52967/akz2022.2.16.111.120](https://doi.org/10.52967/akz2022.2.16.111.120)

**1 Кіріспе (Ахметова Ұ.Т., Тұрарұлы А.)**

Ортағасырлық Сарайшық қаласы қазіргі Атырау қаласынан 45 км жерде (Махамбет ауданы, Атырау обл.), Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан (1-сур.). Тарихи дерек бойынша қала XIII ғ. ортасында Бату ханның тұсында салынған [Самашев және т. б. 2006: 18]. Қала арқылы Еуропа елдерінен Хорезмге, Үндістан мен Қытайға басты құрлықтық сауда, керуен жолдары өткен. Алтын Орданың ыдырауынан кейін, XV ғ. 40-жылдарына қарай қала біртұтас Ноғай Ордасы мемлекеті болып қалыптасқан маңғыт жұртының астанасы болды. Қасым ханның билігі кезінде (1511–1521 жж.) Сарайшық Қазақ хандығының астанасы атанды [Тасмағамбетов, Самашев 2001: 29].



2021 ж. тамыз–қыркүйек айларында «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкерлері ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Қазбаның мақсаты – ортағасырлық қаланың Ұлы Жібек жолындағы атқарған ролін жаңа деректермен толықтыру болды [Ахметова және т. б. 2021].

Қала құландысына алғаш 1937 ж. археолог Н. Арзютов ғылыми-зерттеу жүргізді, бірнеше археологиялық қазбалар салды [Арзютов 1949: 126–134]. 1950 ж. Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы ортағасырлық қала орнында зерттеулер жүргізді [Маргулан 1951: 8]. 1996–2008 жж. аралығында З. Самашевтің жетекшілік етуімен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Сарайшық қаласына кең көлемде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді [Самашев 1996; 1998; 2003; 2005]. Ал, соңғы кездерде Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің, «Сарайшық» музей-қорығының археологтары қала орнына археологиялық зерттеулерді жүргізіп келеді [Тұрарұлы, Плахов 2021; Плахов және т. б.: 2021].



1-сур. Қазақстан картасындағы Сарайшық қаласы. Картаны дайындаған М.А. Антонов

Fig. 1. Saraishyk town on the map of Kazakhstan. Map prepared by M. Antonov

Рис. 1. Городище Сарайшык на карте Казахстана. Карту подготовил М.А. Антонов



Зерттеу жұмыстары ортағасырлық қала орнындағы Жайық өзенінің жағалық белдеуінде, 2019 ж. басталған № 3 қазбада жалғасты. Бұл жерде алғашқы жұмыстарды Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі бастаған, жетекшісі Р. Харипова. Қазба орны оңтүстік және солтүстік бөліктерге бөлініп, шартты түрде № 3 және № 3А қазбалары жүргізілген [Отчет... 2019: 93]. № 3 және № 3А қазбалары бір қазбаның екі бөлігі, сондықтан оларды бір қазба ретінде қарастыру қолайлы. Осы қазбаның жоғарғы мәдени қабатынан жалпы саны тоғыз отбасылық жерлеу орындары – көрханалар және ондаған жеке жерленімдер, 5–6 тұрғын және шаруашылық бөлмелерінің бөліктері анықталған [Самашев 1998: 6]. Көрханалар жартылай жерге қазылып салынған, соған байланысты бұрынғы тұрғын, шаруашылық құрылыстарды кесіп, бұзып кеткені байқалады. Барлық көрханалар күйдірілген қызыл қыш кірпіштен тұрғызылған. Бүтін кірпіштердің өлшемдері  $23 \times 23 \times 5$  см және  $21 \times 21 \times 5$  см. Кірпіштер сазды балшық ерітіндісімен бекітіліп қаланған, қалыңдығы 1,5 см. Көрханалардың қабырға қаландысы 8–13 қатарға дейін сақталған, биіктігі 50–70 см аралығында. Барлық көрханаларда басы батысқа бағытталған 3–4 адамның сүйектері жерленген. Отбасылық жерлеу орны болғандықтан, ер мен әйел және жас балалардың сүйектері бар. Қазба барысында жоғарғы мәдени қабаттан іші күлге толған тандыр пештер мен кан жүйелері фрагменттері де анықталды. Тандыр пештердің диаметрлері 50–55 см немесе 60–70 см, қабырғаларының қалыңдығы 2–2,5 см шамасында болды. Бөлме қабырғалары түсі сарғыш, көлемі  $37-38 \times 21-22 \times 5-6$  см шикі кірпіштерден қаланған. Қабырға қалыңдығы 60 см шамасында. Кірпіштерді бекіткен ерітінді балшықтың қалыңдығы 1,5–2 см. Археологиялық олжа ретінде қыштан жасалған іші қуыс ядро, биіктігі 80 см болатын үлкен құмыра, 34 дана тиындар жиынтығы, т. б. жәдігерлер табылған. 2019 ж. қазбадағы үстіңгі мәдени қабат XV–XVI ғғ. мерзімделген [Отчет... 2019: 93].

## **2 Материалдар мен әдістер**

### **2.1 Зерттеу әдістері (Тұрарұлы А.)**


Қалаларды зерттеудің дәстүрлі қалыптасқан методикасы: мәдени қабаттардан кездесетін барлық нысандарды тіркей отыра сипаттау, мерзімдеу арқылы және жан-жақты фототіркеулер жолымен, қала мәдени қабатын  $5 \times 5$  м шаршыларға бөліп, қабат-қабатымен ашу әдісімен жүргізілді.

Мақаланың негізгі арқауы археологиялық зерттеулер барысында алынған нақты материалдар. Зерттеуге ортағасырлық Сарайшықта бұрын жүргізілген археологиялық жұмыстардың ғылыми есептері, ғылыми жинақтарда жарияланған мақалалардың мәліметтері пайдаланылды. Олар зерттеуге алынған күрделі мәселелерді толыққанды саралауға жол ашады.

### **2.2 Материалды сипаттау және талдау (Тұрарұлы А., Жұмабаев А.Ж.)**

2021 ж. жұмыстар қазба алаңының жоғарғы мәдени қабатындағы 2019 ж. анықталған жерленімдер, тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстарының қалдықтарынан тазартып, одан әрі тереңдете қазудан басталды. Жоғарғы мәдени қабаттың мәліметтері 2019 ж. қазба есебінде сипатталып жазылған. Қазбаның солтүстік бөлігінде төменгі мәдени қабаттарды зерттеу қолға алынды. Солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған саман кірпіштен қаланған ұзын қабырғалардың бойынан алтынордалық кезең бөлмелері, оның ішкі көріністері анықталды (2-сур.).

Қазбаның бастапқы аумағы  $300 \text{ м}^2$  құраса, жұмыстар барысында солтүстік бағытқа  $25 \text{ м}^2$  кеңейтілді. Қазба алаңының жалпы аумағы  $325 \text{ м}^2$  құрады [Ахметова және т. б. 2021: 36].



2-сур. Сарайшық. Қазбаның жоғарыдан түсірілген жалпы көрінісі. Сурет А.Ж. Жұмабаевтікі

Fig. 2. Saraishyk. General view of the excavation. Photo by A. Zhumabayev

Рис. 2. Сарайчик. Общий вид раскопа. Фото А.Ж. Жұмабаева

Қазба орнынан солтүстіктен оңтүстікке созылған, қатар орналасқан бөлмелері бар алтынордалық кезеңнің ғимараты ашылды. Бөлмелерге қазбаның солтүстік-батыс жағындағы дәліздер арқылы кіретін болған. Дәліздің ені – 75 см. Бөлмелердің оңтүстік-шығыс жағы көше жақ қасбеті деп саналады. Бөлмелерді нөмірлеу солтүстіктен оңтүстікке қарай берілді. Яғни, солтүстік шеткі бөлме № 1 бөлме деп есептелінді. Бөлмелердің қысқаша сипаттамасы:

№ 1 бөлме қабырғаларының көлемі 37×22×6 см саман кірпіштен қаланған. Қабырғалар бірнеше қабат саз балшықпен сыланған. Бөлменің көлемі 3,6×2,9 м, қабырғаларының қалыңдығы 0,22–0,65 м, сақталған биіктігі 0,57 м-ден 1,85 м дейін. Солтүстік қабырға «фахверкілі»<sup>1</sup> құрылыс екені анықталды, тігінен тесіктері сақталған ағаш бағана сырықтар орнатылған, яғни, екі бөлме ортасындағы аралық қабырға. Арғы солтүстік жағындағы бөлме қазылған жоқ, оны ашу келесі

<sup>1</sup>термин БҚАЭ–1998 есебінен алынды [Самашев 1998: 11]



қазба маусымына жоспарланып отыр. Батыс қабырғасы дәліз бен осы бөлмені бөліп тұр. Батыс қабырғадан ары қарай қалыңдығы 76 см болатын дәліз қабырғасы орналасқан. № 1 бөлмеге № 2 бөлме арқылы оңтүстік жағынан кірген. Есігінің кеңдігі – 90 см, табалдырықтың биіктігі – 15 см. Есік оңтүстік қабырғаның дәл ортасына орналасқан. Бөлменің солтүстік-батыс бұрышында сыпа үстінде тандыр пеш орнатылған. Оның ернеуінің диаметрі 40 см (3-сур.). Кан арнасы тандырдың батыс жағында, солтүстік қабырғадан оңтүстік қабырғаға дейін созылған. Бұл тандыр пеш қала қазбасында кездесетін әдеттегі тандырлардан өзгешелеу. Осындай үлкен тандырлар Жетісудың



3-сур. Сарайшық. Тандыр. Сурет А.Ж. Жұмабаевтікі

Fig. 3. Saraishyk. Tandoor. Photo by A. Zhumabayev

Рис. 3. Сарайчик. Тандыр. Фото А.Ж. Жұмабаева

оңтүстік өңірлеріне тән [Самашев 2009: 33]. Пештің іші терең, күл тек түбінен шықты. Кан арналарына жалғанған қуыс тесіктер байқалмайды. Тандыр қабырғасының сырты ақ сұр түсті күлмен нығыздалып бекітілген.

Оңтүстік қабырғаға жақын жерде, есікке қарсы тағы бір тандыр пеш орны анықталды. Ол бұл бөлме еденінен төмен деңгейде орналасқандықтан, астыңғы құрылыс горизонтына тиесілі деп есептелді. Бөлмені топырақтан тазалау барысында мәдени қабаттан қыш ыдыстың шүмегі, еден



деңгейінен сүйектен жасалған шашқыстырғыш, сырлы қыш ыдыстар сынықтары, металл бұйымдар, т. б. табылды.

Бұл бөлменің оңтүстігінде № 2 бөлме орналасқан. Оған дәліз арқылы батыс жағынан кірген. Кірер ауыз есігінің кеңдігі 1,85 м. Тұрғын жай көлемі 3,32×3,58 м. Қабырғалар қалыңдығы 0,2–0,65 м, биіктігі 1,2–1,85 м. Қабырғалардың әкпен ақталғаны байқалады. Бірнеше қабат саз балшықты сылақтар үстінен әкпен ақталып тұрған. Соған қарағанда № 2 бөлменің басқаларынан ерекше маңызы болған секілді. Өйткені, басқа бөлмелерде әктің қалдығы кездескен жоқ.

Бөлменің шығыс қабырғасын бойлай орнатылған сыпаның ені 2,94 м, солтүстік қабырғадағы ені – 0,5 м, оңтүстік қабырғадағы ені – 0,9 м, биіктігі –0,32 м. Сыпа төселмеген, есік алдындағы алаңқайдың, яғни саз балшықпен сыланған еденінің көлемі 1,85×0,9 м. Бөлмеде екі тандыр пеш орналасқан, алғашқысы бөлменің оңтүстік қабырғасы іргесіне, оның кан арналары қабырғаны бойлай орналасса, екінші тандыр бөлменің орта бөлігінде орналасқан. Оңтүстік қабырғаны бойлай орналасқан тандырдың диаметрі 35 см, қабырғасының қалыңдығы 3 см. Кан арналары шығыс қабырға бойында қосылып, тік мұржа камерасы арқылы түтін жоғарыға сыртқа шығып кететін болған. Кан арналарының беті саман кірпіштермен жабылған. Еденнен моншақтар және темір бұйымдар қалдықтары кездесті.

№ 3 бөлме № 2-нің оңтүстігінде орналасқан. Оның көлемі 5,1×3,1 м. Қабырғаларының қалыңдығы 0,65–0,75 м аралығында, биіктігі 1,6 м. Есіктің кеңдігі 65 см. Оңтүстік жағында қабырғаның бойын түгел алып, ені 1,70 м болатын сыпа орналасқан. Есіктің оңтүстік шетінен № 4 бөлменің солтүстік қабырғасына дейін дәліз бойы шикі кірпіштермен қаланып, бітелген. Осы тұрғын жай ішін тазалау кезінде қола сақина, мыс тиындар, қыш ыдыс сынықтары табылды.

№ 4 бөлме № 3-тің оңтүстігінде орналасқан. Көлемі 2,7×2 м, қабырға қалыңдығы 0,50 м, сақталған биіктігі 1,8–1,18 м. Батыс қабырғадан ені–0,8 м есік орны байқалады. Ішкі көрінісінде басқа құрылыс элементтері анықталған жоқ. Топырақтан тазалау барысында онда қола қоңырау және құс бейнесі бар мыс тиын табылды.

№ 4 бөлменің оңтүстігінде № 5 орналасқан. Оның көлемі 3,4×3,74 м. Қабырғалар қалыңдығы 0,5 м, сақталған биіктігі 1,8–1,2 м. Есігі оңтүстік қабырғада орналасқан, ені 80 см. Есік алдындағы еденнің көлемі 1,8×1,7 м, басқа жағының барлығын сыпа алып жатыр. Шығыс қабырғасының іргесіне тандыр пеш салынған. Тандырдан шыққан кан арналары оңтүстік-батыс бұрышта орналасқан мұржаға жалғасқан. Екінші тандыр пеш батыс қабырға бойына салынған. Ол кейін бұзылып, орны тегістелген. Канның екі арнасы ашылды, арнасының ені 20 см-ден, екі аралық қабырға ені 20 см. Сыпаның батыс және шығыс бөліктерінің ені 0,95 м, солтүстік бөлігінің ені 1,75 м, биіктігі 38 см.

Бұл бөлменің жоғарғы мәдени қабатынан күміс дирхемдер көмбесі табылды. Тиындардың жалпы саны – 35 дана, бір-біріне жабысып қалған. Күміс тиындар ішінде, нумизмат, т.ғ.к. П.Н. Петровтың анықтауы бойынша, Өзбек және Жәнібек хандардың соғылымы бар. Тиындарда текстік ақпараттар: ханның аты, соғылған қаласы, шыққан жылдары жазылғанын айтады. Мысалы: Жәнібек ханның дирхеі Сарай әл-Жәдидте соғылған. Тиындар бір-біріне жабысып жатқандықтан екінші бетіндегі ақпараттары оқылмаған. Сонымен қатар, орташа көлемді қыш құмыралардың түбі, сырлы қыш ыдыс сынықтары, сүйектен өңделген шүмек кездесті. Бөлменің батыс қабырғасы жағында орналасқан дәліздің ені – 95 см болды.

№ 6 бөлме № 3-тің тұсында, дәліздің батыс қабырғасынан батысқа қарай орналасқан. Көлемі 3,2×2,5 м. Қабырғалар қалыңдығы 0,7–0,2 м, сақталған биіктігі 0,5–0,7 м. Бөлмедегі шығыс қабырғаны бойлай орналасқан сыпаның жалпы көлемі 2,5×2 м. Бұл жерден қыш ыдыстың қақпағы, асықтар, тандыр пеш сынықтары табылды.



4-сур. Сарайшық. Үйрек мүсіндері салынған қыш ыдыс бөлігі.  
Сурет А.Ж. Жұмабаевтікі

Fig. 4. Saraishyk. A fragment of ceramics with figures of ducks.  
Photo by A. Zhumabayev

Рис. 4. Сарайчик. Фрагмент керамики с фигурками уток.  
Фото А.Ж. Жумабаева



5-сур. Сарайшық. Күміс тиындар. Сурет А.Ж. Жұмабаевтікі

Fig. 5. Saraishyk. Silver coins. Photo by A. Zhumabayev

Рис. 5. Сарайчик. Серебрянные монеты. А.Ж. Жумабаева

Қазбадан табылған маңызды жәдігерлер ішінде иық тұсына суда жүзетін – үш үйрек мүсінделген сырлы ыдыстың жоғарғы бөлігі табылғанын айтып өтуге болады. Суда жүзетін құстар Алтын Орда қыш өнерінде жиі орындалатын бейненің бірі [Самашев және т. б. 2008: 52–61]. Сондай-ақ ыдыстың тұтқасының бөлігінде қошқар мүйізді өрнектер тізбегін көре аламыз (4-сур.).

Барлық бөлмелер тандыр пешпен жылытылатын болған. Бөлмелер еденін тазалау барысында тиындар, моншақтар және темір бұйым қалдықтары кездесті. Еденнен табылған тиындар арқылы ғимаратты мерзімдесек, бөлмелердің қызмет атқарған уақыты Өзбек, Жәнібек хандардың билігі кезіне сай келеді [Ахметова және т. б. 2021: 165]. Тиындардың басым бөлігі осы хандар атынан соғылған (5-сур.). Өзбек ханның билік еткен уақыты Жошы Ұлысының ең өркендеген, гүлденген шағы. Бұл кезде империяның қуаты артып, саудасы, экономикасы өрледі. Керуен жолдары қалпына келтіріліп, сол заманға сай жетілген инфрақұрылыммен жабдықталды.

Басқа да табылған жәдігерлер қатарында өрнектелген сырлы және сырланбаған қыш бұйымдар бөлшектері, паста моншақтар, металл, сүйек, шыныдан жасалған заттардың бөлшектері бар. Жалпы саны 140 заттай бірлік.

### 3 Қорытынды (Тұрарұлы А.)

Ортағасырлық Сарайшық қаласының ғимараттары алдын-ала ойластырылған жоспар бойынша, түзу көшелі, бөлмелер қатармен салынғанын көре аламыз. Бұл Ұлы Жібек жолы бойындағы қаланың құрылыстары



стихиялы түрде емес, астаналық қалалар секілді алдын-ала жоспарланып салынған екенін көрсетіп отыр.

Ашылған қазбада ұзын дәліз бойында қатар қатар бөлмелер салынуына байланысты бұл нысанды қоғамдық ғимарат деп санауға болады. Бұған дейінгі Сарайшық қазбаларында ашылған тұрғын үйлер құрылысында дәліз болмаған. Әлі шеті ашылмаған бұл ғимараттың ұзындығы қазірдің өзінде 20 м-ден асты. Осы қазбадан 30 м-дей жерде 1996–2008 жж. З. Самашев жетекшілік еткен экспедиция ашқан 40-тан астам бөлмелері бар, құрылысында дәліз бар кешенді сарай ғимараты (ханака) орналасқанын ескерсек, қаланың бұл ауданы керуеншілер, саяхатшылар, жолаушылар, зиярат етушілердің қонып-түнеуі үшін салынған құрылыстардан тұрған.

Табылған жәдігерлер, әсіресе тиындар Сарайшықтың Жошы Ұлысындағы басқа қалалармен сауда байланыстары туралы ақпараттар бере алады. Сондай-ақ, жәдігерлер экономикалық байланыстардың ауқымы, қала халқының осы кезеңіндегі мәдени сипатын саралауға көмектеседі.

### ӘДЕБИЕТ

- 1 Арзютов Н. Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. на месте развалин Золотоординского города Сарайчика // Известия АН КазССР. Сер. археол. 1949. Вып. 2. С. 126-134.
- 2 Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.Қ., Кольцов П.М., Қасенов М.С., Жунисханов А.С., Имашев Э.Ж., Тұрарұлы А., Жумабаев А.Ж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII–XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2021 ж. арналған жылдық есебі. Ғылыми жетекшісі У.Т. Ахметова. Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2021. 165 б.
- 3 Маргулан А. Тезисы доклада «Раскопки Сарайчика» на Всесоюзном археологическом совещании 1951 года (24.04.1951 г.) // ҚР БҒМ ҒК АИ архиві, 219-іс, 8-п.
- 4 Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)». Атырау: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2019. 206 с.
- 5 Плахов В.В., Калменов М.Д., Абдигалиев М.К. Некоторые результаты археологического исследования на городище Сарайшык в 2019 году // Маргулановские чтения–2021: м-лы науч.-практ. конф. «Великая степь в контексте этнокультурных исследований», посвящ. 30-летию Независимости Республики Казахстан и 30-летию Института археологии им. А.Х. Маргулана (г. Алматы, 26–27 октября 2021 г.). В 3-х т. / Гл. ред. Онгар А., отв. ред. Байтанаев Б.А., Мамиров Т.Б. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2021. Т. 2. С. 108-119.
- 6 Самашев З. Отчет об аварийно-спасательных археологических работах на городище Сарайчик в 2003 году // «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қоры. 189 с.
- 7 Самашев З. Отчет о работах ЗКАЭ в Атырауской и Мангыстауской областях 1996 году // Архив ИА КН МОН РК. Д. 2463, 438 л.
- 8 Самашев З. Отчет о работах ЗКАЭ на городище Сарайчик в 1998 г. // Архив ИА КН МОН РК. Д. 2500, 126 л.
- 9 Самашев З. Отчет о работах ЗКАЭ ИА МОН РК по программе «Научно-прикладные исследования в области археологии– Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2005 году // Архив ИА КН МОН РК. Д. 2748, 87 л.
- 10 Самашев З. Отчет о научно-исследовательской работе в 2009 г. Государственная программа «Культурное наследие» по теме «Городище Сарайчик» (промежуточный). Алматы, 2010 // Архив ИА КН МОН РК. Д. 2937.
- 11 Самашев З., Бурнашева Р., Базылхан Н., Плахов В. Сарайшық тиындары. Алматы: «Археология», 2006. 184 б.



- 12 Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. Алматы: «Археология», 2008. 264 б.
- 13 Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайшық. Алматы: ОФ «Берел», 2001. 320 б.
- 14 Тұрарұлы А., Плахов В. 2019 жылғы Сарайшықтағы археологиялық зерттеулер // «Қасым хан және Сарайшық: Қазақ мемлекеттілігі тарихында» Республ. ғыл.-тәж. конф. м-ры жинағы (Атырау қ., 13–15 қазан 2021 ж.) / Жауапты ред. Мұқтар Ә. Атырау–Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2021. 196-203-бб.

## REFERENCES

- 1 Arzyutov, N. 1949. In: *Izvestiya AN KazSSR. Ser. arheol. (News of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Ser. archaeol.)*, 2, 126-134 (in Russian).
- 2 Akhmetova, U., Mukhtar, A., Koltsov, P., Kasenov, M., Zhuniskhanov, A., Imashev, E., Turaruly, A., Zhumabayev, A. 2021. “Kazakstannyn batys onirindegi altynordalyk kalalar, kone keruen zholdary zhane keruen-saraylar: panaralyk zertteuler (13–15 gg.)” gylimi zhobany 2021 zhyлга arналган zhyldyk esebi (Report of the research project for 2021 «Golden Horde cities, ancient caravan routes and caravanserai in the western region of Kazakhstan: interdisciplinary research (13<sup>th</sup>–15<sup>th</sup> centuries)”). Saraishyk: “Saraishyk” state historical and cultural museum-reserve (in Kazakh).
- 3 Margulan, A. 1951. In: Archive of the Margulan Institute of Archaeology, d. 219 (in Russian).
- 4 *Otchet ob arheologicheskikh rabotakh po teme: «Issledovanie srednevekovogo gorodishcha Saraishyk (Report on archaeological works on the topic: “Exploration of the medieval town of Saraishyk). 2019. Atyrau (in Russian).*
- 5 Plakhov, V. V., Kalmenov, M. D., Abdigaliev, M. K. In: Onggar, A., Baitanayev, B. A., Mamirov, T. B. (eds.). *Margulanovskie chteniya–2021 (Margulan readings–2021)*, 2. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 108-119 (in Russian).
- 6 Samashev, Z. 2003. In: Archive of the Saraishyk state historical and cultural museum-reserve (in Russian).
- 7 Samashev, Z. 1996. In: Archive of the Margulan Institute of Archaeology, d. 2463 (in Russian).
- 8 Samashev, Z. 1998. In: Archive of the Margulan Institute of Archaeology, d. 2500 (in Russian).
- 9 Samashev, Z. 2005. In: Archive of the Margulan Institute of Archaeology, d. 2748 (in Russian).
- 10 Samashev, Z. 2008. In: Archive of the Margulan Institute of Archaeology, d. 2873 (in Russian).
- 11 Samashev, Z., Burnasheva, R., Bazylikhan, N., Plakhov, V. 2006. *Coins of Saraichik*. Almaty: “Archaeology” LLP Publ. (in Kazakh, Russian, English).
- 12 Samashev, Z., Kuznetsova, O., Plakhov, V. 2008. *Ceramics of Saraichik hillfort*. Almaty: “Archaeology” Publ. (in Kazakh, Russian).
- 13 Tasmagambetov, I., Samashev, Z. 2001. *Saraishyk*. Almaty: “Berel” Public Foundation Publ. (in Kazakh, Russian, English).
- 14 Turaruly, A., Plakhov, V. 2021. In: Mukhtar, A. (ed.). *Kasymhan zhane Saraishyk: Kazak memlekettligi tarihynda (Kasym Khan and Saraishyk: in the history of Kazakh statehood)*. Atyrau–Saraishyk: Saraishyk state historical and cultural museum-reserve, 196-203 (in Kazakh).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.  
 / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.  
 / Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.  
 Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.  
 Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 03.05.2022.  
 Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 25.06.2022.  
 Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2022.

